

## Тендер өткізу туралы хабарлама

Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резерв комитеті Қазақстан Республикасының мемлекеттік материалдық резервінен материалдық құндылықтарын (жаңарту, броньнан шығару тәртібімен) шығару бойынша тендер өткізілетінін хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларына, (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес тендерге қатысу туралы өтінім болған жағдайда, 2018 жыл бойы әрбір сейсенбі күні жұмылдыру резерві және 2018 жыл бойы әрбір бейсенбі мемлекеттік резерв бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резерв комитетінің ғимаратында Астана қ. Янушкевич көшесі 2, мекен-жайы бойынша сағат 11.00-де өткізіледі. Егер тендер өткізу күні мереке күніне келсе, тендер отырысы келесі бірінші жұмыс күніне ауысады.

Тендерге қатысуға өтініш берген үміткерлерді тіркеу [www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz) сайтында хабарлама жарияланған күннен басталады және де жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша сағат 18.00-де тендерлік өтінімдер конвертін ашу күнінен бір күн бұрын аяқталады.

Тауар туралы мәлімет, ең төменгі көлем, қосымша құн салығы есепке алынған немесе есепке алынбаған кесімді баға, тауар құнын төлеу мерзімі, тауарды шығару мерзімі және тауардың орналасқан орны туралы ақпараттар осы хабарламаға қосымшада көрсетілген.

Үміткер лот сомасының 3 (үш) пайызы көлемінде тендерге қатысу үшін өтінімді қамтамасыз етуді енгізеді.

Үміткер тендерге қатысуы үшін өтінімді қамтамасыз ету түрлерінің келесі біреуін таңдайды:

1) ҚР ҚАӨМ ММРК «Резерв» ШЖҚ РМК-нің банктік есеп шотына келесі реквизиттер: КБЕ 16, «Астана Банкі» АҚ Астаналық филиалы, БСК ASFBKZKA, ЖСК KZ504500339860000119, БСН 990140003130 бойынша енгізілген ақшалай кепілдік жарнасы;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2008 жылғы 28 сәуірдегі № 55 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің банктік кепілдіктер мен кепілдемелерді беру ережесіне сәйкес берілетін банктік кепілдік.

Үміткердің оның тендерге қатысу өтінімінің қолданыс мерзімі өткенше енгізілген ақшалай кепілдік жарнасына толықтай не бөлігін талап ету құқығының үшінші тұлғада пайда болуына әкеп соғатын әрекеттеріне жол берілмейді.

Шығару шарты – ҚР ҚАӨМ ММРК «Резерв» РМК франко-қоймалары және/немесе жауапты сақтау пункттері.



Тендер ұйымдастырушы тендерлік комиссия отырысын өткізуді оның басталуына дейін бір күннен кешіктірмей тоқтатуы мүмкін, ол жөнінде [www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz) сайтында хабарландырулар орналастырылатын болады.

Тендерлік комиссияның отырыс хаттамалары және тендерлік өтінімдерді қарау нәтижесі туралы хабарлама [www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz) сайтында тендер өткізілген күннен бастап 1 (бір) тәулік ішінде орналастырылатын болады.

Анықтама үшін телефон: 8(7172) 27-44-59, 27-44-49

Аманжол  
7.12.10  
Аманжол  
24  
Аманжол